

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.01.45

ӘӨЖ/УДК/ UDC: 94:2(574.5)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.017>

Утеулиева Б.М. *

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты,

Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: uteuliyeve81@inbox.ru

<https://orcid.org/0009-0007-0461-6186>

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУДІҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Білім беру адамның жеке басын толық дамытуға және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарына құрмет көрсетуді нығайтады. Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттер мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқығын мойындайды және бұл құқықты біртіндеп тең мүмкіндіктер негізінде жүзеге асыруда. Сол сияқты біздің еліміздің білім беру саласында мүмкіндігі шектеулі балалардың қол жетімді және сапалы білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру құқығы бекітілген. Оны жүзеге асыруда Қазақстан республикасы мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын қамтамасыз ететін халықаралық құжаттарды ратификациялап, оларға толыққанды білім беру қағидаттарын енгізуде бірқатар шаралар қабылдады. Осы тұрғыда елімізде қоғамның барлық мүшелерінің, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына жағдай жасалуда. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру ісі мемлекет саясатының бір бөлігі болып табылады.

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің қалыптасу тарихи негізін шет елдердің заңнамалық құжаттарымен салыстыра отырып талдау, бүгінгі таңда әлемдік білім беру үрдісінде мүмкіндігі шектеулі балаларды тәуелсіз, толыққанды және лайықты өмірге дайындайтын сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылатындығын көрсетеді. Дегенменде, бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді жүзеге асыруда бірыңғай нақты құжаттың болмауы қоғамда түрлі қиындықтар туғызуда. Бұл зерттеу жұмысы алдағы уақытта әлі де ғылыми тұрғыдан кең ауқымда зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі болып табылады.

Кілт сөздер: мүмкіндігі шектеулі балалар, заңнамалық құжаттар, білім беру жүйесі, әлеуметтік қатынастар, стандарт, Заң.

Утеулиева Б.М. *

¹Докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

E-mail: uteuliyeve81@inbox.ru

<https://orcid.org/0009-0007-0461-6186>

ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ОБРАЗОВАНИЯ ДЕТЕЙ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Образование способствует всестороннему развитию личности и уважению прав человека и основных свобод. Сегодня многие государства признают право детей-инвалидов на образование и постепенно реализуют это право на основе равных возможностей. Аналогичным образом, в сфере образования нашей страны закреплено право на удовлетворение потребностей детей-инвалидов в доступном и качественном образовании. В его реализации

Республика Казахстан ратифицировала ряд международных документов, гарантирующих права детей-инвалидов, и приняла ряд мер по внедрению принципов полноценного образования для них. В этой связи наша страна создает условия для получения образования всеми членами общества, включая детей-инвалидов. Образование детей-инвалидов является частью государственной политики.

Анализ исторических основ формирования системы образования детей с инвалидностью в Казахстане в сравнении с законодательными актами зарубежных стран показывает, что сегодня глобальный образовательный процесс ориентирован на обеспечение доступа к качественному образованию, которое готовит детей с инвалидностью к самостоятельной, полноценной и достойной жизни. Однако отсутствие единого специфического документа в реализации системы образования детей с инвалидностью сегодня создает различные трудности в обществе. Данная исследовательская работа является одним из вопросов, требующих дальнейшего масштабного научного исследования.

Ключевые слова: дети с инвалидностью, законодательные акты, система образования, социальные отношения, стандарт, закон.

Uteulieva B.M. *¹

¹Doctoral student at the Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
c. Almaty, Kazakhstan
E-mail: uteuliyeva81@inbox.ru
<https://orcid.org/0009-0007-0461-6186>

HISTORICAL FOUNDATIONS OF EDUCATION OF CHILDREN WITH DISABILITIES IN KAZAKHSTAN

Abstract

Education promotes the comprehensive development of the individual and respect for human rights and fundamental freedoms. Today, many states recognize the right of children with disabilities to education and are gradually implementing this right on the basis of equal opportunity. Similarly, in our country, the right to meet the needs of children with disabilities for accessible and quality education is enshrined in the education sector. In implementing this right, the Republic of Kazakhstan has ratified several international documents guaranteeing the rights of children with disabilities and has taken measures to implement the principles of comprehensive education for them. In this regard, our country creates conditions for all members of society, including children with disabilities, to receive education. Education for children with disabilities is part of state policy.

An analysis of the historical foundations of the development of the education system for children with disabilities in Kazakhstan, compared with the legislative acts of foreign countries, shows that today's global educational process is focused on ensuring access to quality education that prepares children with disabilities for independent, fulfilling, and dignified lives. However, the lack of a single, specific document for the implementation of the education system for children with disabilities today creates various difficulties in society. This research paper is one of the issues requiring further large-scale scientific research.

Keywords: children with disabilities, legislation, education system, social relations, standards, law.

Қысқашы

Қазақстанның тарихында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді оқу үрдісіне ресми түрде 2001 жылы енгізді. Бүгінгі таңда бұл барлық білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарының бірі. Қазақстан тарихында бұл өзгеріс әр баланың білім алуға құқығын мойындаудың нәтижесі. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің тарихи негіз Қазақстан

тарихында бірнеше кезеңнен тұрады. Осы арқылы Қазақстанның барлық азаматтарының білім алуға құқықтарының қамтамасыз етілуі сақталып отыр. Осыған сәйкес мүмкіндігі шектеулі балалардың мүмкіншіліктерін ескеруде ата-аналармен, медицина қызметкерлерімен, қоғамдық және арнайы білім беру мекемелерінің қызметкерлерінің бір-бірімен қарым-қатынас жасай білу қажеттіліктері маңызды болып табылады. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің тарихи негізін зерттеу бұл процестің әлемде бір деңгейде дамып жатқанын көрсетеді. Әрине, мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру – бұл мақсатты біржақты түсінуді, әлеуметтік қатынастарды ізгілендіруді және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сапалы білім алу құқығын қабылдауды білдіреді. Оны дамыту жаңа жүйені құру емес, жалпы білім беру жүйесін сапалы әрі жүйелі түрде өзгерту болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің жаңа түрі жоқ. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі көптеген қарама-қайшылықтар мен әртүрлі пікірлерге толы және бізден отандық, шетелдік тәжірибе мен әлемдік ұстанымдар дәйектілігін ескере отырып, сындарлы пікірталас жүргізуді талап етеді. Мұндай білім беру тәжірибесін дамыту қысқа уақытта орындалмайтын жүйелі институционалдық өзгерістерді талап етеді. Сонымен қатар бұл Қазақстанда және шет елдерде әзірленген мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім беруді дамыту стратегиясы мен заңнамалық құжаттарындағы сәйкестік үнемі қадағалауды, ғылыми тұрғыда талдауды қажет етеді. Әлемнің көптеген елдеріндегідей Қазақстанда да қажеттіліктерді бағалау және көмек көрсету процесінде көмекті ұйымдастырудың әлеуметтік-педагогикалық үлгісі мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда жаңа идеялар мен ұсыныстарды қажет етеді.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды сапалы біліммен қамтамасыз етудің қалыптасу тарихын зерттеу өзекті мәселелердің бірі. Себебі, мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру қазақ қоғамындағы әділеттілік пен тең мүмкіндіктің айқын көрінісі. Қазақстандық әр балаға сапалы білім алу мүмкіндігі жасалғанда ғана елдің адами капиталы артып, өркениетті қоғам қалыптасады. Бұл мемлекет пен қоғамның ортақ мақсаты болып табылады. Қазақстан республикасы өзінің тәуелсіздігін алғанға дейін мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау балалармен тең дәрежеде білім алуын мемлекет деңгейінде қарастырмады, ал шет елдерде бұл 1980 жылдары білім беру жүйесіне енгізілген болатын.

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің тарихи негізін зерттеу олардың ұлттық сана-сезімін, патриоттық көзқарасын, тарихи ойлау қабілетін және өз ұлтына, жеріне деген сүйіспеншілігін зерделеу болып табылады. Жалпы білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру ісін жекелеген ұйымдар, мекемелер немесе азаматтар жүзеге асыра алмайды, ол тек мемлекеттің тікелей заңнамалық құжаттары арқылы жүзеге асырылады. Зерттеуде Қазақстанда және шетелдік тәжірибеде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді дамыту адамдар арасындағы айырмашылықтарды құрметтеу және барлық балаларға сапалы білім беруді ұйымдастыруды ғылыми тұрғыдан зерттеу өзекті болатындығы дәлелденді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысымыздың материалдық базасын Қазақстан, Ресей, Қытай, Өзбекстан және Қырғызстан елдерінің мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру туралы заңнамалық құжаттары құрайды. Еуропаның білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептердің бағдарламалары мен мазмұнына сәйкес оқыту туралы деректер Ж.Кауфман [14] және т.б. авторлар мен Т.Лореман және т.б. авторлардың [15] зерттеулерінде берілген. Сол сияқты Қытайда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру тарихы Мэн Джэн мен Мэджу Шичжаоның [16] мақаласында жан-жақты талданған. Ағылшын ғалымдары П. Уествуд [21] пен Дж. Гросстың [22] зерттеулерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруде барлық мектептерде арнайы білімге жауап беретін тиімді оқу бағдарламасы барлық қажеттіліктер шеңберінде әзірленуі керек деген ортақ тұжырым жасалған. Мұндағы ортақ идея - мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру саясатындағы принциптер мен тәжірибесін бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарау қажеттігінде. Мақалада жоғарыда аталған шетелдік авторлардың еңбектеріне сілтеме жасалған.

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру тарихын зерттеу осы білім беру жүйесінің себептері мен салдарын жан-жақты анықтауға бағытталған кешенді тарихи және

ғылыми тәсілдерді қолдана отырып жүргізілді. Мақаланы жазу барысында ғылыми-теориялық әдіс тарихи және заңнамалық құжаттарды талдау, салыстыру, жүйелеуде қолданылды. Зерттеу жұмысымызға қатысты ғалымдардың еңбектеріндегі мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру үшін жасаған тұжырымдары мен теорияларын талдауда мазмұнды талдау әдісі қолданылды. Ондағы ортақ идеялар Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің қалыптасу тарихын жүйелі саралауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жүйесі шет елдердегі білім беру жүйесімен бір деңгейде дамығандығы анықталды.

Нәтижелер мен талқылау.

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру басқаны түсіну және оны барлық кемшіліктерімен қабылдау мүмкіндігін арттырады. Сондай-ақ бұл білім түрі қоғамдық байланыста кемсітушілікпен күресудің тиімді құралы ретінде әрекет етеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру арқылы оларды қоғамның азаматтары қатарына қосу мүмкіндігі шектеулі баланың ортада белсенді болуын арттырады, олар өздерінің ерекшелігін сезінуді тоқтатады. Еліміздің «Қазақстан – 2050» стратегиялық мемлекеттік бағдарламасында арнайы және мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру стратегиясын әзірлеу мен оны жалпы білім беру ортасына енгізу қарастырылған [1]. Осы бағдарламаға сәйкес мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруге жағдай жасайтын мектептердің үлесін арттыру көзделген. Осындай келелі міндеттер аясында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің даму тарихы жүйелі тұрғыдан нақты және жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру – гуманизмге, руханилыққа, әлеуметтік әділеттілікке жетелейтін әрі солардан бастау алатын, өзіндік ерекшелігі мол сала. Әлемдік білім беру жүйесінде соңғы 50 жылда жаңа идеялар көптеп енгізілді. Соның ішінде жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру үрдісі әлемдік деңгейде уақыт талабынан туындап отырған мәселе. Мұнда балалардың жеке басының әлеуметтік ерекшеліктері, оқудағы жетістіктері, ана тілі, мәдениеті және дене мүмкіншіліктері білім алу жолында кедергі болмауы керек. Себебі, шынайы тәрбие нақты қарым-қатынас жағдайында жүзеге асады [2]. Осы тұрғыдан алғанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру идеясының дамуы мен қалыптасуының тарихи алғышарттарын анықтау өте маңызды.

1992 жылы Қазақстанда құрылған Түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығымен елімізде алғаш рет мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру идеясы ұсынылды [3; 10 б.]. Бұдан кейін ҚР-ның заңнамасында балалардың білім алу құқығын қорғау мақсатында 2002 жылғы 08 тамызда [4] және 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңында [5] тең құқылы білім қағидасы бекітілген болатын. Оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына ҚР «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы Заңында [6], ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңында [7], ҚР «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңында [8] заңды түрде кепілдік берілгендігі қамтылған. Елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің заңнамалық құжаттары әлеуметтік және білім берудің құндылықтарын насихаттауда жалпыға қолжетімді білім беру жүйені ұйымдастыруға бағытталған. Ал оның қалыптасу тарихын зерттеу мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді дамытудың жаңа жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

2012 жылы Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруде әдіснамалық ұсыныс ретінде әзірленген тұжырымдамалық тәсілдер әзірленді [9]. Бұл Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қалыптастырудың бастапқы кезеңі болса, 2015-2020 жылдар аралығы іс-қимыл жоспары кезеңі болды. Тұжырымдамада мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруде қажет өзекті мәселелер көрсетілген. Оған мамандандырылған ұйымдардың кең желісін құру, мұғалімдерге арналған мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру курстарын ұйымдастыру, педагог мамандарды жоғары сапалы оқыту және т.б. қажеттіліктер кірген. Ал қазіргі уақытта аталған мәселелер заңнамалық құжаттармен бекітілген.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруде оларды жалпы білім беретін ортаға қосу ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысында мақұлданған [10]. Онда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жалпы білім беретін оқу бағдарламасының стандарттары арқылы

жүзеге асырылатыны баяндалған. Бүгінгі таңда елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар психологиялық-педагогикалық-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Бұйрығында бекітілген арнайы оқу бағдарламасы бойынша білім алуда [11]. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру оларды қоғам назарынан тыс қалдырмау адамдар арасында мейірімділік пен адамгершіліктің сақталуына жағымды ықпал етеді. Оның алғышарттары ҚР-да білім беруді дамыту туралы заңнамалық құжаттарымен жасалған. Ол қоғамдық дамудың басты ұстанымдарының бірі болып табылатын азаматтардың білім алу қажеттілігін қанағаттандыруда сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету. Оларға мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін орта мектептердің оқу үрдісіне кіріктірудің ұйымдастырушылық-педагогикасының ғылыми-әдістемелік аспектілері, осы сала жағдайына педагогикалық кадрларды даярлау, оларды жұмыс істеуге даярлығын қалыптастыру және т.б. жатады.

Мысалы, көршілес Ресей Федерациясында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру тұжырымдамасының бекітілуіне 2011-2015 жылдарға арналған «Қолжетімді орта» атты мемлекеттік бағдарламасы негіз болған [12]. Бұл құжаттың негізгі мақсаты жалпы білім беру және оның бағдарламаларын жүзеге асыратын басқа да білім мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. Оған қоса Ресейдің 2012-2017 жылдарға арналған Балалар мүддесі үшін іс-қимыл жөніндегі ұлттық стратегиясында осы санатқа жататын балаларға білім беруге ерекше көңіл бөлінген.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерде Қазақстан республикасы мен Ресей Федерациясының мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру туралы заңнамалық құжаттар қабылдау кезеңдері сәйкес келгенімен, олардың мазмұнында үлкен айырмашылық бар екенін байқауға болады. Қазақстанның мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру саясатының тұжырымдамасы халықаралық талаптарды және мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің барлық аспектілерін қамтиды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің алғышарты АҚШ-та 1980-ші жылдары қалыптасқан. Оған басты себеп мүгедектердің өз құқықтары үшін күресі болған. Оны жүзеге асырудың алғашқы құжаты 1948 жылғы БҰҰ-ның бастамасымен қабылданған «Адам құқықтарының Декларациясы» болып табылады [13; 12 б.]. Ондағы басты қағидат – ұлтаралық және барлық халықтар арасында достық қарым-қатынасты дамыту. Бұл мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің даму тарихының алғышарттарын жүйелеуге мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда АҚШ-тың мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту әдістемесі әлемдік жүйеде алдыңғы қатарда. Онда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру туралы арнайы заң бар. Оған сәйкес ондағы бірқатар елдерде мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктеріне байланысты ата-аналарға қызмет көрсетіледі.

АҚШ-тың мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру үрдісі Ж.Кауфман мен Халаханнның зерттеуінде жазылған. Онда авторлар мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жалпы білім беру жүйесінде күрделі процес екенін айтады. Оны дамыту үшін мұғалімдердің біліктілігі жоғары, ынталы мамандар болуы керек. Инновациялық білім беру тәжірибесін дамыту арқылы білім сапасын арттыру әрбір мұғалімнің іс-әрекетіндегі басты мақсат болуы керек және әрбір мектептер мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудегі тәсілдер бойынша мұғалімдерге кеңес беру қажет. Авторлар мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балаларға қосу арқылы оқыту әрқашан нәтиже бермейді деген тұжырым айтады [14, 23 б.]. Сондай-ақ, көптеген зерттеулерде даму бұзылыстары ауыр балалар бар мектепте ортақ мәдениет болған жағдайда құндылықтар мен оқыту тәжірибесін жақсартуға деген шынайы ниет табысты болуы мүмкін деген, теориялар да кездеседі. Бірақ мүмкіндігі шектеулі балаларды барлық мектептерде бірдей табысты қамту мүмкін емес болғанымен, соңғы он жылдықта жағдайдың біршама өзгергені Т. Лореман және т.б. авторлардың зерттеуінде қарастырылған [15, 45 б.]. Сондай-ақ авторлар білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептердің бағдарламалары мен мазмұнына сәйкес оқытуда олардың құрдастарымен бірдей білім алуында түбегейлі айырмашылықтар жойылып кетпейтінін айтады. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру - мектеп өмірінің барлық аспектілеріне қатысатын балаларды, оған қоса қабілеттері әртүрлі балаларды толығымен қосу. Ол мектеп жағдайында мүмкіндігі шектеулі балалардың нақты қажеттіліктері мен талаптарын бағалау, құрметтеу айырмашылықтарын ескеруді талап етеді. Бұл

мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы көмек пен қолдаудың әртүрлі нұсқалары қажет болған жағдайда сыныптан тыс сабақтар мен оқыту жұмыстарын ұйымдастыруды қажет етеді.

Көршілес Қытай елінде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру тарихы 1986 жылдан басталғандығын Мэн Джэн мен Мэджу Шичжаоның [16, 78 б.] зерттеулерінен оқып біле аламыз. Авторлар Қытайда арнайы және мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру үшін мұғалімдерді даярлау мәселелерінің ішінде тиісті педагогикалық жоғары оқу орындарының және мұғалімдерді даярлаудың өзіндік қиындықтары болғандығын айтады. Бұл мәселелер бүгінгі күнге дейін талқыланып, өзінің әлі де шешімін таппағаны туралы жазған. Авторлар өз зерттеуінде Қытайдағы арнайы және мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді реформалау қажет деген қорытынды жасайды. Жалпы Қытайда 1980-ші жылдардан бастап мүмкіндігі шектеулі балалардың бір бөлігі жалпы білім беретін мектептерге жазыла бастаған. Қытайдағы білім берудің бұл түрі мектеп оқушыларына мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру болып қалыптасқан. Бұл Қытайдың «Мүгедектерді қорғау туралы» Заңының 2-ші бабына сәйкес жүзеге асырылған [17; 36 б.].

Зерттеу барысында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің қазіргі жағдайы АҚШ, Қытай елдерінде Қазақстанға қарағанда бұрыннан қалыптасқан, әрі заңнамалық құжаттармен бекітілген. Дегенменде шетелдік зерттеушілер бұл саланы әлі де жетік зерттеп өзгерістер енгізуде оның кемшіліктерін нақты көрсетеді. Шетелдік тәжірибеде мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктері болса, мектепке бейімделетін оқушы емес, мектеп оқушыға бейімделуі керек деген қағида орнаған. Мұндағы мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларға үкіметтік ереже негізінде қаражат бөлінеді. Әлемнің көптеген елдерінде мектептегі білім беру жүйесінің дамуының негізгі тенденцияларының бірі мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді жетілдіруде білім беру саясатын, әлеуметтік жағдайларды, педагогикалық дәстүрлер мен қолданыстағы құқықтық құжаттарды, сондай-ақ мектептегі білім беруді қаржыландыру жүйесі ескеріледі [18, 91 б.].

С.В. Алехинаның мақаласында Ресейдегі мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің даму барысы баяу жүзеге асырылып жатқаны айтылған. Автор Ресейдің білім беру жүйесінде реттеуші деңгейде тек мүгедек балалар үшін ғана мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қарастыратынын және аймақтық ерекшеліктерге байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудегі айырмашылықтарды атап өтеді [19, 136 б.]. Мұндай жағдайдан шығуды Я.И. Федан өзінің «Инклюзивті орта білім беру сапасын мемлекеттік басқару үлгісі» атты еңбегінде: «мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді тиімді дамыту үшін тұжырымдамаға негізделген мемлекеттік басқару үлгісін жасау қажет», - деген тұжырым жасайды [20].

Осы тұрғыдан алғанда Я.И. Феданның тұжырымымен ағылшын ғалымы П. Уествудтың пікірі орайлас келетінін байқауға болады. П.Уествудтың пікірінше, мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруде барлық мектептерде арнайы білімге жауап беретін тиімді оқу бағдарламасы барлық қажеттіліктер шеңберінде әзірленуі керек [21, 62 б.]. Онда мектеп қауымдастығы мен барлық қызметкерлер кеңесе отырып мүдделі тараптар, соның ішінде ата-аналардың да ұсынысы қарастырылады. Барлық саяси мәлімдемелер анық және ашық болуы керек, олар білім берудің нақты тұжырымдарына негізделуі тиіс. Автор ақпаратпен қамтамасыз ету бөлімінің ата-аналарға, мүдделі тараптарға ақпарат беру және таратуда тиімді ынтымақтастық орнатуы маңызды екенін айтады. Сонымен қатар, әр мектептің мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру саясаты арнайы білім беру миссиясымен тығыз байланысты.

Я.И. Федан мен П. Уествудтың мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру саясатын қайта қарау қажеттілігі Дж. Гросстың зерттеуінде де айтылады [22, 63 б.]. Автор оны қайта қарауда қоғамда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруде біріншіден, қоғамдық көзқарасты дамытуды, екіншіден көзқарасты дамыту мен тәжірибені салыстыруды ұсынады, содан кейін саясатты дамытуға көшу керектігін айтады. Мұндағы авторлардың ортақ идеясы - мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің саясатындағы принциптері мен тәжірибесін бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарау қажеттігінде.

Қазақстанның мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру қағидаттары шет елдердің тәжірибесіндегідей балалардың жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, адамның қайғысына

жанашырлық таныту, қиыншылықта көмектесуге дайын болу сияқты негіздерден тұрады. Бұл қазақ халқының менталитетінде адамдардың қиындықтарына, кемшіліктеріне, сынақтарына және қайғысына жанашырлық пен түсінушілік таныту болып табылады.

Қазақстан Республикасының көршілес Өзбекстан мен Қырғызстан республикаларына қарағанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру тарихы әріден басталған. Себебі, мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қырғызстан республикасында 2019-2023 жылдары бекітілсе [23], Өзбекстан республикасында 2020-2025 жылдары бекітілген [24]. Аталған елдердің тұжырымдамасында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді дамытудың ұзақ мерзімді кезеңдері қарастырылған. Олар мүмкіндігі шектеулі балалардың тілдік, мәдени және т.б. айырмашылықтарына қарамастан, оларға жағдай жасауда халықаралық стандарттарды ұстанады.

Қорытынды. Зерттеу барысында Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің тарихи негізі ғылыми тұрғыдан бір жүйеге келтірілді. Мақалада Қазақстан, Ресей, Қытай және АҚШ елдерінің мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған заңнамалық құжаттары талданды. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің қалыптасу тарихын зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері теориялық тұрғыдан қарастырылды. Аталған елдердің заңнамалық құжаттарындағы ерекшеліктер сараланды. Нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің бағдарламаларын әзірлеу мен білім жүйесіне енгізу бүгінгі күннің қажеттілігі тұрғысынан қарастырылып тұжырымдар жасалды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей Қазақстанның мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің тарихи негізін зерттеу оны дамытудың алғышарты болып табылатындығы және мемлекет алдында тұрған кезек күттірмес мәселелердің бірі екендігі анықталды. Қазақстан, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан елдерінің тұжырымдамаларын талдау көрсеткендей, бұл елдерде үкімет деңгейінде бекітілген. Ал АҚШ, Қытай сияқты елдердің тәжірибесін зерттеу мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді дамыту мақсатында мемлекеттік органдар тарапынан қабылданатынына назар аударылды. Соның ішінде Өзбекстан мен Қырғызстанның заңнамалық құжаттары Қазақстандағыдай арнайы мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру емес, Ресей Федерациясындағыдай мүгедек балаларға бағытталған тұжырымдар екені анықталды. Мақалада шетелдік ғалымдардың теорияларына сараптама жасау нәтижесінде, Қазақстанда және әлемнің көптеген елдерінде барлық балаларға келешекте қарапайым ортада және адамдар арасында олармен тең өмір сүруге, өзін-өзі барынша іске асыруға мүмкіндік беретін білім беруді іздеу және ұйымдастыру қажет екендігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17 қаңтар 2014 ж.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//<http://edu.gov.kz>
3. Тебенцова К.С. Основы инклюзивного образования: учебное пособие. А.: ТеСмит, 2019. – 304 с.
4. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы (09.04.2016 ж. толықтырулар енгізілген). // <http://online.zakon.kz/>.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 ілдедегі № 319-ІІІ // <http://online.zakon.kz/>.
6. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы.
7. Қазақстан Республикасының Заңы.Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы: 2005 жылғы 13 сәуірдегі қабылданған №39.
8. Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 114-ІV Заңы.

9. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 1 июня 2015 года № 348 «Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан». Дата обращения: 01.03.2025 г.

10. Жалпы білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік ережесі (2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 ҚР Үкіметінің Қаулысы) // <http://online.zakon.kz/>; Білім беру саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы; Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдемесі (01.06.2015 жылғы №348) // <http://online.zakon.kz/>

11. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 2010 жылғы 7 желтоқсан №1118 // www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/

12. Государственная программа Российской Федерации «Доступная среда» на 2011 - 2015 годы, утвержденная Постановлением Правительства РФ от 17 марта 2011 г. №175 (утратило силу). Дата обращения: 01.03.2025 г.

13. Жубакова С.С. Теория и практика инклюзивного образования. Учебное пособие. А.: ТеСмит, 2019. – 148 с.

14. Kaufman J.M., Hallahan D.P. The illusion of full inclusion: a comprehensive critique of a current special education bandwagon, ed. Pro-Ed, Austin, Texas, 1995. - 362 pp, ISBN 0-89079-612-2

15. Loreman T., Deppeler J., Harvey D. “Inclusive Education. A practical guide to supporting diversity in the classroom”. Routledge Falmer, London and New York, 2005. – P. 45.

16. Мэн Джээн, Мэджу Шичжао. Размышления о реформе системы подготовки учителей специального образования в университетах КНР. // Журнал исследований, 2013, № 6. - С. 78.

17. Lizhong Yu, Xueyun Su, Chunling Liu. Issues of teacher education and inclusion in China. Prospects, 2011. Vol.41(3). 355 p. doi: 10.1007/s11125-011-9204-8

18. Байменова Б.С. Развитие инклюзивного образования в Казахстане и за рубежом. А.: ТехСмит, 2019. – 148 с.

19. Алехина С.В. Инклюзивное образование для детей с ограниченными возможностями здоровья. // Журнал «Психологическая наука и образование Psychological Science and Education 2016. Т. 21. № 1. С. 136–145.

20. Федан Я.И. «Модель государственного управления качества инклюзивного среднего образования». Дата обращения: 01.03.2025 г.

21. Westwood P. Методы здравого смысла для детей с особыми потребностями. (2-ое изд.). Лондон: Рутледж. 2007. – С. 62.

22. Гросс Дж. Потребности в специальном образовании в начальной школе: практическое руководство. (3-е изд.). Лондон, 2002. – С. 63.

23. Концепция развития инклюзивного образования в Кыргызской Республике на 2019-2023 годы, утверждена постановлением Правительства Кыргызской Республики от 19 июля 2019 года № 360. Дата обращения: 01.03.2025 г.

24. Концепция развития инклюзивного образования в системе народного образования в 2020-2025 годах (Приложение N 1 к Постановлению Президента РУз от 13.10.2020 г. N ПП-4860). Дата обращения: 01.03.2025 г.

References:

1. Oratio Praesidis Rei Publicae Kazachstaniae N.A. Nazarbayev ad populum Kazachstaniae. “Via Kazachstaniae – 2050: Unum propositum, unum commodum, unum futurum”, 17 Ianuarii 2014. (in Kazakh)

2. Programma publicum ad educationem et scientiam in Republica Kazachstaniae progressionem annis 2016-2019 // <http://edu.gov.kz> (in Kazakh)

3. Tebenova K.S. Fundamenta educationis inclusivae: liber scholasticus. A.: TeSmit, 2019. – 304 p. (in Russian)

4. Lex Rei Publicae Kazachstaniae data 8 Augusti 2002 No. 345-II “De iuribus pueri in Republica Kazachstaniae” (ut emendata 9 Aprilis 2016). // <http://online.zakon.kz/> (in Kazakh)

5. *Lex Rei Publicae Kazachstaniae "De Educatione" die 2007 Augusti 7. No. 319-III* //http://online.zakon.kz/. (in Kazakh)
6. *De auxilio sociali et medico-pedagogico correctionali pro pueris cum impedimentis. Lex Rei Publicae Kazachstaniae die 11 Iulii 2002, No. 343.* (in Kazakh)
7. *Lex Rei Publicae Kazachstaniae. De protectione sociali hominum impeditorum in Republica Kazachstaniae: adoptata No. 39 die 13 Aprilis 2005.* (in Kazakh)
8. *De officiis socialibus specialibus. Lex Rei Publicae Kazachstaniae die 29 Decembris 2008, No. 114-IV.* (in Kazakh)
9. *Mandatum Ministri Educationis et Scientiae Rei Publicae Kazachstaniae die I Iunii 2005, No. 248 "Modi conceptuales ad progressionem educationis inclusivae in Republica Kazachstaniae". Dies applicationis: 01.03.2025.*
10. *Regulae exemplares pro actionibus institutorum educationis generalis (Resolutio Gubernationis Rei Publicae Kazachstaniae die 17 Maii 2013 No. 499) //http://online.zakon.kz/; De approbatione normae pro provisione servitorum socialium specialium in agro educationis; Modus conceptualis ad progressionem educationis inclusivae in Republica Kazachstaniae (01.06.2015 No. 348) //http://online.zakon.kz/* (in Kazakh)
11. *Decretum Praesidis Rei Publicae Kazachstaniae. Programma publicum ad educationem progressionem Rei Publicae Kazachstaniae annis 2011-2020: 7 Decembris 2010 No. 1118 // www.nkaoko.kz/documents/ law_of_education/* (in Kazakh)
12. *Programma publicum Foederationis Russicae "Ambitus accessibilis" annis 2011-2015, approbatum per Resolutionem Gubernationis Foederationis Russicae die 17 Martii 2011 No. 175 (vim amisit). Datum accessus: 01.03.2025* (in Russian)
13. *Zhubakova S.S. Theoria et praxis educationis inclusivae. Liber didacticus. A.: TeSmit, 2019. – 148 p.* (in Russian)
14. *Kaufman JM, Hallahan DP. Illusionis plenae inclusionis: critica comprehensiva cursus educationis specialis hodierni, ed. Pro-Ed, Austin, Texas, 1995. - 362 pp, ISBN 0-89079-612-2* (in English)
15. *Loreman T., Deppeler J., Harvey D. "Educatio Inclusiva. Dux practicus ad diversitatem in schola sustinendam". Routledge Falmer, Londinii et Novi Eboraci, 2005. - P. 45.* (in English)
16. *Meng Zhen, Maju Shizhao. Cogitationes de reformatione systematis ad magistros educationis specialis instituendos in universitatibus Rei Publicae Popularis Sinarum. // Acta Investigationis, 2013, No. 6. - S. 78.* (in English)
17. *Lizhong Yu, Xueyun Su, Chunling Liu. Quaestiones educationis magistrorum et inclusionis in Sinis. Prospects, 2011. Vol. 41(3). 355 p. doi: 10.1007/s11125-011-9204-8* (in English)
18. *Baymenova B.S. Progressus educationis inclusivae in Kazachstania et extra. A.: TechSmith, 2019. - 148 p.* (in Russian)
19. *Alekhine S.V. Educatio inclusiva pro pueris cum impedimentis. // Acta "Scientia psychologica et educatio, Scientia Psychologica et Educatio, 2016. Vol. 21. No. 1. S. 136–145.* (in Russian)
20. *Fedan Y.I. "Modellum administrationis publicae qualitatibus educationis secundariae inclusivae". Datum editionis: 01.03.2025.* (in Russian)
21. *Westwood R. Methodus significationis sanae pro pueris cum necessitatibus specialibus. (Ed. 2a). Londinii: Routledge. 2007. - S. 62.* (in English)
22. *Gross J. Necessitates educationis specialis in schola elementari: dux practicus. (Ed. 3a). Londinii, 2002. - S. 63.* (in English)
23. *Conceptus progressionis educationis inclusivae in Republica Kyrgyzstan pro 2019-2023, approbatus resolutione Gubernationis Rei Publicae Kyrgyzstan die 19 Iulii 2019 No. 360. Datum editionis... Editio: 01.03.2025.* (in Russian)
24. *Conceptio progressionis educationis inclusivae in systemate educationis publicae annis 2020-2025 (Appendix No. 1 ad Decretum Praesidis Rei Publicae Uzbekiae die 13.10.2020 N PP-4860). Data editionis: 01.03.2025.* (in Russian)

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

ҒТАХР/ МРҲТИ / IRSTI / 03.20.00

ӘӨЖ / УДК / UDC 902. 390.8

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.018>

Y. S. Senyurt ¹, B.E. Satayeva *²

¹Prof. Dr, Faculty of Literature Department of Archaeology, Ankara Hacı Bayram Veli University,
Ankara, Turkey,

e-mail: yucel.senyurt@hbv.edu.tr,

<https://orcid.org/0000-0001-7364-311X>

² PhD student, Faculty of Literature, Department of Archaeology,
Ankara Hacı Bayram Veli University, Turkey, Ankara,

e-mail: satayeva.botakoz@org.hbv.edu.tr,

<https://orcid.org/0000-0003-3357-7087>

REFLECTIONS OF FOLK BELIEFS IN KURGAN AND TUMULUS TRADITIONS

Abstract

This study explores the cultural and spiritual landscape of the Turkic world, examining monumental burial architecture from the kurgans of Central Asia to the tumuli of Anatolia. The traditional view of death as the final stage of the life cycle, following birth and marriage, is predicated on the idea that it is not an end in itself, but rather a liminal threshold into a secondary existence. It is evident that these monumental structures transcend their function as mere graves. It can be argued that they serve as “ontological seals” and “civilizational title deeds”, which document the transformation of a geography into a homeland.

The research utilises archaeological evidence and folkloric data to elucidate the eschatological continuity inherent in Turkic burial traditions. This continuity can be traced from the Neolithic period through the Scythian, Hun, and Göktürk periods, eventually evolving into the “türbe” and “kümbet” architecture of the Islamic era. In this study, the key ritual components are analysed as reflections of social hierarchy and the belief in the soul’s eternal journey. These components include the sanctification of space (ritual topography), the metaphysical “sealing” of tombs to guard against the unknown, and the inclusion of grave goods (horses, weapons, and furniture). The present paper demonstrates that kurgans and tumuli are vibrant time capsules that preserve the collective memory, social structures and enduring identity of the Eurasian steppe civilisations by bridging the geographical and temporal gap between Kazakhstan and Turkey.

Key words: Death, Burial, Kurgan, Tumulus, Belief in the Afterlife, Folk Beliefs, Traditions, Cultural Identity.